

Шәріп Дініслам Ерланұлы

Инновациялық Еуразия университетінің 2 курс магистранты, Қазақстан

Арнайы субъект ұғымы және қылмыстарды арнайы субъектілер бойынша саралау

Кейбір қылмыстар үшін қылмыстың субъектісі болуға есі дұрыстық, заңда белгіленген жасқа толу жеткіліксіз, ондай құрамдарға субъект болу үшін осы көрсетілген белгілердің үстіне басқа да қосымша белгілердің үстіне басқа да белгілер болуы қажет. Мысалы, сайлау құжаттарын, референдум құжаттарын бұрмалау және дауысты қате есептеу қылмысының субъектісі болып тек қана бапта арнайы көрсетілген - арнаулы адамдар ғана бола алады. Мемлекеттің құпияны жария ету субъектісі болып тек сол құпия сеніп тапсырылған адам танылады. Еңбек туралы заңдарды бұзудың субъектісі болып лауазымды адамдар танылады. Аталған қылмыс құрамының ерекшелігі сол, мұндай қылмыстарды арнаулы, атағы, лауазымды, белгілері жоқ кез келген адам істей алмайды. Жоғарыда айтылған сайлау комиссиясының мүшелері, лауазымды адамдар немесе дәрігерлік атақтар, арнаулы белгілері көрсетеді. Сонымен, қылмыстың арнаулы субъектісі дегеніміз – объектінің жалпы белгісімен (есі дұрыстық, белгілі бір жасқа толу) бірге ҚК-тің Ерекше бөліміндегі тиісті нормаларда көрсетілген қосымша - арнаулы белгілері бар адамдарды айтамыз.

Жаңа Қылмыстық Кодексте қылмыстың арнаулы субъектісі туралы жалпы ұғым берілмеген. Қылмыстың арнаулы субъектісін сипаттайтын белгілер Қылмыстық Кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті қылмыстық құқық нормаларының диспозицияларына көрсетілген.

«Арнайы субъект» ұғымы қылмыстық құқық теориясында ашық айтылып, ғалымдар өздерінше анықтама береді. Арнаулы субъект түсінігін бөліп қарастырсақ, белгілі бір адамдар шеңберіне мемлекет міндеттер жүктейді, оны санаулы түрде орындамау немесе тиісінше орындамау ауыр салдар туғызуы мүмкін.

Осы қылмыстың арнайы субъектісі орнына әр түрлі ғалымдар өздерінше анықтама береді. Бірақ кейбіреулерінің анықтамасы арнайы субъект мәнін толық ашпайды.

Қылмыстың арнаулы субъектісі ұғымын толығырақ және нақтырақ анықтама Н.С. Лейкина мен Н.П. Гробовскаяның еңбегінде деп ойлаймыз. Онда: « Арнаулы субъект деп баптың дезпозициясына бекітілген нақты ерекшеліктері ие субъектілерді айтамыз».

С. Молдабаев арнаулы субъектіні мынадай белгілері бойынша топтастырады:

- тұлғаның мемлекеттің құқықтық жағдайын сипаттайтын белгі (шетел тұлғаларды немесе азаматтығы жоқ тұлға);
- лауазымды жағдайын сипаттайтын белгі;
- демографиялық белгі – жынысы, жасы, өз туысқандық қатынасы.

Заң әдебиеттерінде осындай белгілерге байланысты жіктелістерді басқада ғалымдар берген.

П.С. Дагельдің пікірі бойынша, қылмыстың арнайы субъектісінің белгісі қылмыс субъектісі болып табылатын тұлғалардың шеңберін шектейді, сонымен қатар қылмыстық жауаптылық аясын да шектейді. Ол субъект белгілерін үш үлкен топқа бөледі:

- субъектінің құқықтық жағдайын сипаттайтын белгі (шетелдік, әскери адам, жазасын өтеуші тұлға т.б);
- субъектінің қызметін немесе кәсібін сипаттайтын белгі (жұмыскер, дәрігер, директор, бас инженер, жүргізуші);
- -кінәлі тұлғаның тәндік (физический) қасиетін сипаттайтын белгі (ер адам, венерологиялық ауру мен ауратын тұлға, кәмелетке толған).

Кейбір жағдайларда заң шығарушылық арнаулы субъектісі бар қылмыстық құқықтық нормалары жеке тұлғаларға біріктірілген, сондай-ақ ҚК Ерекше бөлімінің нақты нормаларында арнаулы субъектінің белгілерін көрсеткен. ҚР ҚК Ерекше бөлімінде мұндай екі түрлі тараудың аты көрсетілген: 13-тарау мемлекеттік қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстар және 16-тарау әскери

қылмыстар. Мемлекеттік қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстардың ерекшелігі сол, мұндай қылмыстарды тек қана мемлекеттік органның лауазым иесі немесе қызметшісі болып тағайындалған адамдар ғана қызмет бабын пайдалану арқылы істей алады. Бұл санатқа жатпайтын адамдар қызмет бабындағы қылмыстардың объективті жағының белгілерін орындауы мүмкін емес. Әскери қылмыстардың субъектісі болып тек қана әскери қызметшілер, әскери қызмет атқаруға міндеттілер ғана саналады. Кейде арнаулы субъектінің белгісі ҚК Ерекше бөлімінің нақты нормаларында көрсетілмеген, ондай белгіні заңды грамматикалық, логикалық, жүйелі түсіндірудің негізінде анықтауға болады. Мысалы, ҚК 118-бабы, науқасқа көмек көрсетпегені үшін қылмыстық жауаптылық көрсетілген. Ол «заңға сәйкес немесе арнайы ереже бойынша көмек көрсетуге міндетті адамның» деп көрсетілген.

Тиісті заң немесе ереже бойынша барлық медицина және дәріхана қызметкерлері, дәрігер, акушер, фельдшер, медбикелер адамдарға кез келген жерде жәрдем көрсетуге міндетті. Заңды түсіндіру жолымен біз бұл жерде қылмыстың арнаулы субъектісіне тән белгіні анықтаймыз. Кейбір нормалар бойынша қылмыстың арнайы субъектісін анықтау үшін заң шығарушы белгілі бір мемлекеттік жүйе қызметкерлерге тән сипаттаманы береді. Мысалы ҚК Ерекше бөлімінің 15-тарауы бойынша сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстырдың бірнеше нормалары әділсоттылыққа қоса осы органның лауазымды адамдарының анықтаушы, тергеуші, прокурор, судья істейтін қылмыстары туралы көрсетіп, олардың қылмыстық жауаптылығын белгілеген.

Жалпы қылмыстық заң адамның қызметі, өкілеттігі бойынша белгілі бір қылмысты жасауға мүмкіндігі басқа адамдармен салыстырғанда жоғары болса, ондай адамдардың жауаптылығын заңда жеке бөлім ретінде келтіре отырып, кінәні ауырлататын құрам ретінде қарастырады.

Бірақ белгілі бір қылмыс түріне арнайы субъекті тән болса, онда барлық жағдайда қоғамға қауіптілікті ауырлататын қылмыс деп бағалауға болмайды. Арнайы субъектімен сипатталатын қылмыстардың ауырлық дәрежесі

қылмыстың объектісіне, зардаптың түріне т.б осындай өзге құрам элементтеріне байланысты болады. Мысалы 344-баптағы көрінеу кінәсіз адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту ауыр қылмыс деп бағаланса, ал 371-баптағы әскери қызметшіні қорлау ауыр қылмысқа жатпайды.

Жалпы субъектілер арнайы субъектілердің әрекеттерін орындаса қылмыс болып табылмайды, себебі арнайы субъектілердің әрекеттерін жай адамдар орындай алмайды. Қылмыстық құқықта қалыптасқан ереже бойынша арнайы субъектілердің қылмыстарына жалпы субъектілер тек қатысушы ретінде, яғни қылмыстың ұйымдастырушысы, азғырушысы немесе көмектесушісі түрінде қатыса алады. Мысалы көрінеу кінәсіз адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту қылмысының орындаушысы, тек құқық қорғау немесе сот органының қызметкерлері болса, ал осындай қылмыстардың ұйымдастырушысы немесе азғырушысы құқық қорғау органдары қызметкерлерін көндіру, сатып алу, қысымшылық жасау әрекеттерін жасаған жай адамдар болып табылады. Мұндай жағдайда арнайы субъектілердің қылмыстарына қатысушылықты білдіретін ролдерді орындаған адамдардың әрекеттері арнайы субъекті айыпталған қылмыс түрімен және міндетті түрде ҚК 28-бабының тиісті бөлімдеріне сілтеме жасау арқылы саралануы керек. Яғни көрінеу кінәсіз адамды қылмыстық жауаптылыққа тартуды ұйымдастырған адамның әрекеті 344-баппен және 28-баптың 2 бөліміне сілтеме жасау арқылы бағаланса, ал осы қылмысты орындаған адамның әрекеті тек 344-баппен айыпталады. Қылмысты орындағандық үшін 28-бапқа сілтеме жасалынбайды, себебі ҚК Ерекше бөлімінің баптарында орындаушының әрекеттері бейнеленген.

Қолданылған әдебиеттер:

- 1 Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық. Жалпы бөлім.- А., Жеті жарғы, 1999. 189 б.
- 2 Лейкина Н.С., Грбовская Н.П. Субъект преступления / Курс советского уголовного права. Часть общая, Т.1.-Л., 1978. – 167 с.
- 3 Дагель П. С. Учение о личности преступника в советском уголовном праве. – Владивосток, 1980. – 190 с.